



ЖАС ЛЕЙТЕНАНТТАР – ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ЖАҢА ТОЛҚЫН

Батыс Қазақстан облысы — биыл Қазақстанның әр өңірінен шыққан сегіз жас офицер Алматыдағы ҰҚК Шекара академиясын ойдағыдай тәмамдап, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне келіп қосылды. Олар: Анарбек Досымбек, Бексултан Бегалин, Мейрамбек Талапбеков, Мадияр Ертаев, Дарын Қоныров, Заңғар Бағдатұлы, Абай Нұрым және Әлішер Имакашев.



Департамент ұжымы жас лейтенанттарды ұлттық дәстүрмен — бауырсақ пен ақжолтай тілектер жазылған хаттарды ұсынып, қуана қарсы алды. Бұл — тек құрмет рәсімі ғана емес, шекара шебіне қадам басқан әрбір жас маманның мойнындағы жауапкершілікті сезіндетін, борыш пен абыройдың маңызын айқындайтын сәт.

Осыдан кейін жас офицерлер үшін алты күндік оқу-әдістемелік жиын ұйымдастырылды. Бағдарламаның өзегі — жедел-жауынгерлік, арнайы және дене дайындығын ұйымдастыру бойынша практикалық дағдыларды жетілдіру, сондай-ақ түлектерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау мен күзету қызметіне жедел бейімдеу. Дәрістер мен далалық сабақтар бірін-бірі толықтырып, тактикалық ойлау, жедел шешім қабылдау, бөлімшелерді басқару мәдениеті жүйелі түрде шындалды.

Жиын қорытындысында лейтенанттар білімін бекіту мақсатында қорытынды тестілеуден өтті. Қызметтік машықтан бөлек, рухани көкжиекті кеңейту де назардан тыс қалмады: Орал қаласының көрікті жерлеріне таныстырылым-серуен ұйымдастырылып, өңірдің тарихы мен мәдениеті жайлы әсерлі әңгімелер айтылды. Өйткені шекарашы үшін туған елдің шежіресін білу — Отанға адал қызмет етудің ажырамас бөлігі.

Бүгінгі таңда жас лейтенанттар өз бөлімдеріне бөлініп, қызметтік орындарына жолға шықты. Олардың әрқайсысы — шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, ел тыныштығының күзетінде тұратын жаңа буын өкілдері.

Қадамдарыңыз құтты болсын, жас офицерлер! Қызметтеріңізде асқақ абырой серік болсын.

Аға лейтенант
А. КӨЛБАЙ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген
автор.



ӘСКЕРИ
МІНДЕТТЕРДІҢ
ДАЛАЛЫҚ ЖИЫНЫ
БАСТАЛДЫ

5



ДЕРЖАВИНСК –
ШКОЛА
МАСТЕРСТВА

6



ЕРЛІКТІ ДЕ,
ӨНЕРДІ ДЕ
ҚАТАР АЛЫП
ЖҮРГЕН
ШЕКАРАШЫ

12

ЖЕТІСУЛЫҚ АРҒЫМАҚТАРДЫҢ ДҮБІРІ ЕСТІЛЕДІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты Оқу-жаттығу үйрету кавалериялық тобы – ел шебін қорғауда ерекше орны бар әскери ұжым. Бөлімше Жетісу өңірінің көркем табиғат аясында, тарихы терең Текелі қаласында орналасқан. 1911 жылы іргесі қаланған Текелі бүгінде өндірісі өркендеген, табиғаты тамаша, мәдениеті бай аймаққа айналған. Қорғасын-мырыш комбинаты арқылы бүкіл елге танылған қалада қазір ел игілігіне қызмет ететін шекаралық кавалериялық топтың болуы – зор мақтаныш.



Тұқым шығару көзделуде. Нәтижесінен мол үміт күттіретін ұжымаралық шара – Шекара қызметінде жылқы шаруашылығын жаңа деңгейге көтеретін бастама.

Оқу-жаттығу үйрету кавалериялық тобы – тек әскери бөлімше ғана емес, қазақ халқының атқа міну мәдениеті мен дәстүрін жаңғыртып отырған рухани мектеп. Жылқыны жанына серік еткен елдің ұрпағы үшін ат-бегілік істің маңызы зор. Шекарашылардың шекара шебіндегі күнделікті қызметінде

Жетісу арғымақтарының ізі жүздеген шақырымдарда қалып, тұяқтарының дүбірі үнемі естіліп тұрады. Ал Оқу-жаттығу үйрету кавалериялық тобының жеке құрамы - ел тыныштығының қырағы сақшылары!

ҚР Журналистер одағының мүшесі подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.



Қазақстанның оңтүстігіндегі стратегиялық маңызы зор нүктелердің бірі – «Асықата» шекара бөлімшесі. Бұл бөлімше Қазақстан мен Өзбекстан Республикасының арасындағы аса маңызды аумақты күзетіп, мемлекеттік шекараның мызғымас тұтастығын қамтамасыз етіп келеді.

«Асықата» шекара бөлімшесі Мақтаарал ауылдық округінің Еңбекші ауылында орналасқан. Оның тарихы 2011 жылдан бастау алады. Алғашында «Бағара» шекара заставасы атауымен құрылған бөлімше 2013 жылы жаңа ғимаратқа қоныс аударып, 2020 жылдың соңында қазіргі «Асықата» атауын иеленді.

Шекарашының жұмысы – тек қарапайым күзет емес. Олар – заң бұзушылықтың алдын алушы, ел тыныштығын қорғаушы, бейбіт өмірдің сақшылары. Жыл ішінде Сырдарияның бойында талай заңсыз әрекеттің жолы кесілді: балық аулауға тыйым салынған аймақтағы тәртіпсіздіктерден бастап, шекараны жасырын кесіп өтпек болған әрекеттерге дейін. Барлығы заң аясында тіркеліп, ел тыныштығы сақталды.

Бір сәтке ойланайық: егер шекара күзетінде әлсіздік болса, егер қырағылық азайса – онда тәуелсіздігімізге, бейбіт өмірімізге сызат түсер еді. Сондықтан да шекарашының әр қадамы – ел тағдырымен тікелей байланысты.

Шекара күзеті – тек мемлекеттік шептің тұтастығы ғана емес, ол ел тыныштығы мен халықтың бейбіт өмірінің кепілі. «Асықата» шекара бөлімшесі – осы жауапты міндетті абыроймен арқаалап жүрген әскери қызметшілер мен офицерлердің адал қызметінің айқын көрінісі.

Майор Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР». Суреттер шекара бөлімшесінен.

► Жамбыл облысында жаңа «Меркі» табиғи саябағы ашылды.

ЖЕЗКЕНТ ШЕКАРА БӨЛІМШЕСІ – ШЕКАРА ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЕКАРАСЫ – ЕЛДІҢ ЕГЕМЕНДІГІ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ БАСТЫ НЫШАНДАРЫНЫҢ БІРІ. БҰЛ ШЕКАРАНЫ КҮЗЕТУ – АБЫРОЙЛЫ ДА ЖАУАПТЫ МІНДЕТ.



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Семей шекара басқармасының «Жезкент» шекара бөлімшесі 2002 жылдың 21 қаңтарында құрылып, осы күннен бастап мемлекеттік шекараны қорғау және күзету міндетін адал атқарып келеді.

Жезкент ауылында орналасқан шекара бөлімшесі жауапты учаскені сенімді түрде күзетуді қамтамасыз етіп, тек өз әскери күштерімен ғана емес, жергілікті тұрғындармен бірлесе отырып, ортақ қауіпсіздікті сақтауға ерекше мән береді.

Жезкент шекара бөлімшесінің инфрақұрылымы заманауи талаптарға сай жабдықталған. Мұнда: қару-жарақ сақтау орындары, жаттығу қалашықтары, автотұрақ және қоймалар, инженерлік бөгеттер мен қорғаныс жүйелері бар.

Барлық объектілер шекарашылардың тиімді қызмет атқаруына және олардың жоғары деңгейде дайындалуына бағытталған. Бөлімше толыққанды мамандармен жасақталған, ал әрбір әскери қызметші өз антына адал, Отанға шынайы қызмет етуге дайын патриот.

Жезкент шекара бөлімшесінің басты миссиясы – Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қырағылықпен күзету. Осы мақсатта келесі бағыттар бойынша үздіксіз жұмыс атқарылады: ел шекарасының қауіпсіздігін сақтау, есірткі және психотроптық заттардың заңсыз тасымалын болдырмау, шекараны бұзу әрекеттерін анықтау және алдын алу, заңсыз діни-экстремистік ұйымдардың ел тыныштығын бұзуына жол бермеу, жергілікті билік және тұрғындармен бірлескен іс-қимылдар жүргізу.

Жезкент шекара бөлімшесі қызмет атқарған жылдар ішінде көптеген шекара бұзушылық фактілерін анықтап, заңсыз әрекеттердің алдын алды.

2024 жылдың 16 желтоқсанында Ресей Федерациясының азаматы мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтпек болғанда, Жезкент шекарашылары оны уақытында тоқтатып, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Осындай оқиғалар – шекарашылардың қырағылық пен кәсіби шеберлігінің айқын дәлелі.

Жезкент шекара бөлімшесі 80 шақырымға жуық Ресей Федерациясымен шекаралас аумақта орналасқан. Осыған байланысты екі елдің шекара қызметтері тығыз байланыс-

та жұмыс атқарады: шекараны бірлесіп күзету, ақпарат алмасу, бірлескен оқу-жаттығулар өткізу.

Бұл шаралар Қазақстан мен Ресей арасындағы шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

«Мемлекет шекарадан басталады» деген қанатты сөздің мағынасы терең. Сол себепті әрбір жас азамат өз елінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосуы тиіс.

Жезкент шекара бөлімшесі қызметін үнемі жетілдіріп, заманауи технологияларды енгізіп отырады. Соңғы жылдары бөлімше бейнебақылау жүйелері, дрондар және инфрақызыл камералармен жабдықталды. Бұл құрылғылар шекара бұзушыларды дер кезінде анықтап, жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, заманауи байланыс жүйелері арқылы шекарашылар қызмет барысында жедел ақпарат алмасып, тапсырмаларды жылдам орындай алады.

Шекараны қорғау тек елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ғана емес, қоршаған ортаны қорғау міндетін де қамтиды. Шекара аумағында табиғи экожүйені сақтау, заңсыз аңшылық пен табиғатқа зиян келтіретін әрекеттердің алдын алу бойынша тұрақты бақылау жүргізіледі. Осы мақсатта шекарашылар экологиялық ұйымдармен бірлесе отырып, табиғатты қорғау шараларына белсенді қатысады.

Жезкент шекара бөлімшесі – еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды әскери құрылым. Оның басты мақсаты – Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қырағылықпен күзету, заңсыз әрекеттердің алдын алу және халықтың тыныштығын сақтау. Алдағы жылдары бөлімше техникалық жабдықталуды одан әрі жетілдіріп, жаңа әскери кадрлар даярлауға ерекше көңіл бөлуді жоспарлап отыр.

«Шекара – мемлекеттің айнасы» деген сөз бар. Жезкент шекара бөлімшесі осы міндетті абыроймен атқара отырып, еліміздің шекаралық тұтастығын сенімді түрде күзетіп келеді.



Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР». Сурет басқармадан

ЖАНБАЙДАҒЫ ЖОЛСАПАР

Шілденің бел ортасы бізді және бір қызметтік сапарға жетеледі. Әуелгі мақсат өзгеріссіз. Шалғайдағы шекара күзеткен саңлақтарды, Мемлекеттік шекараның бойтұмарындай болған шекара бөлімшелері жайында жазба жариялау. Жол үстінде жанданған тілшілік тіршілік апта сайын басылымда жарық көретін ақпарымыздың азаншысына айналған. Жасылқұнқағарлы шекарашылардың жауынгерлік қызметі хақында шабыттана кеңінен тартқуға бекіндік. Барар бағыт департамент құрамындағы «Жанбай» шекара бөлімшесі. Екі ел арасындағы бейбіт өмірдің алтын көпірі сынды шекара бөлімшесі қашанда міндетін мүлтіксіз атқарып келеді.

Аптап ыстыққа қарамастан түс ауа шекара бөлімшесіне табан тіредік. Алыстағы ағайынға арма айтқан бізді «Жанбай» шекара бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Береке Есенбай қазақы қонақжайлықпен қарсы алды. Жанында сымдай тар-тылған сардарлар мен сарбаздар сап түзеген. Шекара бөлімшесінің табалдырығын аттаған бойда ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаменті бастығының орынбасары полковник Орал Батырғалиев төрағалық ететін жұмыс тобының құрамы қызметке жедел кірісті. Заманауи үлгідегі көшенді шекара бөлімшесінің ғимаратын аралап, қызмет орнының тыныс-тіршілігімен танысты.

Төл тарихы 2000 жылдан бастау алатын шекара бөлімшесі Исатай ауданына қарасты Жанбай ауылының қақ төрінде қоныс тепкен. «Жанбай» шекара заставасы 2000 жылы құрылды. Өзге шекара бөлімшелері-

нен басты ерекшелігі еліміздің Мемлекеттік шекарасын Каспий теңізі бойымен 180 шақырымды құрайтын су аймағын күзетеді. Су мен құрлықты қатар күзеткен бөлімше жыл он екі ай қызметтің ең жоғары үлгісі жолындағы дәстүрден еш уақыт алыстаған емес.

Жастық жалыны ерік-жігермен ұштасқан аға лейтенант Береке Есенбай басшылық ететін шекара бөлімшесінде тындырымды жұмыстар жүйесін тапқан. Бұл мұндағы қажырлы еңбектің ететін жұмыс тобының құрамы жалғасқан елеулі еңбегі. Батыр есімін еншілеген елдеде табан тіреген жанбайлық шекарашылар Мемлекеттік шекара күзету мен қорғау ісінде қай уақытта болмасын үздіктер қатарында. Қызмет кеңістігіндегі үздік нәтижелері көптенді жетістіктерден ақпар береді. Атап айтар болсақ, 2023 жылдың жауынгерлік іс-әрекеттердің қорытындысында «Үздік

шекара бөлімшесі» атанған. Ал 2022 жылы қол жеткізген жоғары нәтижелері үшін ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаментіне қарасты шекара бөлімдері мен бөлімшелері қатарында өзгеден оқ бойы озық шыққан.

Шекара бөлімшесінен үстіміздегі жылы «Көктем – 2025» шақырылымындағы айбынды шекарашылар қатарын толықтырған сарбаздарды көзіміз шалды. Әскери ұстаханада шыңдалған жас сарбаздар бүгінде шекара тыныштығын күзеткен көңіл шекарашылар. Барлығы дерлік осы өңірдің азаматтары екендігін ескерсек, оларға деген сенім арта түсетіндей. Аймақтың киыр тасына дейін білетін Отан сақшылары қауырт қызметке қазірдің өзінде қауқарлы. Олардың қатарында мерзімді әскери қызметтен соң келісімшарт негізінде қызметтен одан әрі жалғастыруға ниетті ұлдар жетерлік. Тіпті қазірдің өзінде тиісті құжаттарды ресім-



деп үлгеріп, келісімшарт бойынша әскери лауазымға тағайындалған сарбаздар да бар. Мұның барлығы Шекара қызметі басшылығының кең қолдауының нәтижесінде соңғы жылдары жүзеге асқан ілкімді істердің бір парасы.

Кеш қонақтағанға дейін ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаментінің «Сазды» шекара бөлімшесіне аттанамыз. Облыс орталығынан ең қашықта орналасқан бөлімшенің қыж-қыж қайнаған тіршілігі көптен шабыт шақырған. Бұған

басшылық құраммен қызметтік сапар мүмкіндік бермек. Алыс маңдағы атырапқа күрән жолдарды қысқартып, ала шаңмен асыға жетерміз. Оған жел жүйрікпен жарысқан қызметтік көлігіміз көпін. Себебі темір тұлпарымыз жасылқұнқағарлылар жауапты міндет жүткенен шұрайлы шақырымдарды бес саусақтай біледі...



Капитан Б. ҚОЖАНТАЙ «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

► Астана әлемдік кітапхана астанасына айналды және Дүниежүзілік кітапхана конгресін қабылдауда

ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТ ЖЕҢІЛ ЕМЕС

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты «Қаракемер» шекара бөлімі – еліміздің мемлекеттік шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде айрықша орны бар бөлімдердің бірі. Бұл бөлім Жамбыл өңіріндегі «ең маңыздысы», деп айтса да артық етпес, зор аумақты күзетіп, тәулік бойы шекара тыныштығын қорғауда.

Табиғаты қыратты әрі кең жазықты алқапта орналасқан «Қаракемер» бөліміне жүктелген міндет жеңіл емес. Шекара күзеті – күндіз-түні тынбайтын қызмет. Шекарашылар әрбір қадамда қырағылық танытып, заңсыз көші-қон мен контрабанда деректерінің алдын алуда, сондай-ақ мемлекетіміздің заңнамасын бұзып шекараны кесіп өтуге талпынғандарға тосқауыл қояды.

Қазіргі таңда бөлім заманауи техникалық құралдармен жабдықталған. Бейнебақылау жүйелері, тепловизорлар мен түнгі көру құрылғылары шекара аумағында тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде басты көмекшіге айналған. Бұл құралдар шекарашылардың жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, кез келген заңсыз әрекеттердің дер кезінде

анықталуына жағдай жасайды.

«Қаракемер» шекара бөлімінің жеке құрамы кәсіби даярлығы жоғары әскери қызметшілерден жасақталған. Олар үздіксіз жаттығулар арқылы жауынгерлік қабілетін жетілдіріп отырады. Әр сарбаз үшін мемлекеттік шекара – Отанның тұтастығы мен тәуелсіздігінің символы. Сол себепті шекара күзетінде тұрған әрбір әскерилердің бойында үлкен жауапкершілік пен патриоттық сезім қалыптасқан.

Сонымен қатар, бөлімнің сарбаздары үшін тұрмыстық жағдайға да баса назар аударылған. Шекара бөлімінде жатын орындар, асхана, спорттық нысандар қарастырылып, сарбаздардың әскери қызметпен қатар, рухани-мәдени дамуына да жағдай жасалған. Жергілікті Қордай ауданының

атқарушы органдармен, білім беру мекемелерімен, қоғамдық ұйымдармен бірлескен шаралар ұйымдастырылып, жастарға патриоттық тәрбие беру бағытында жұмыстар жүргізілуде.

«Қаракемер» шекара бөлімінің қызметі – ел тыныштығының кепілі. Шекара күзеті – бейбіт өмірдің берекесі, тәуелсіздіктің тірегі. Сондықтан да бұл бөлімде қызмет атқарып жүрген әрбір шекарашының еңбегі – мемлекет пен халық алдындағы адалдықтың, Отанға деген сүйіспеншіліктің көрінісі.



Капитан А. ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР». Сурет бөлімшеден.

СЛУЖБА НА ПЕСЧАНОМ МЫСЕ

Служба поста технического наблюдения «Аккум» пограничного отделения «Кендерли» Департамента ПС по Мангистауской области на первый взгляд кажется почти райской. Белый песок, хрустящие под ногами ракушки и прозрачная вода Каспия так и манит искупаться. Но за кажущейся идиллией скрывается суровая служба.

Пост расположен на мысе Аккум в Каракианском районе Мангистауской области. Именно от этого песчаного берега и пошло название поста – «Аккум», что в переводе с казахского языка означает белый песок.

Руководит подразделением старший лейтенант Амир Амиркулов, выпускник Пограничной академии 2022 года. Молодой офицер уже четыре года несет службу на границе и зарекомендовал себя как ответственный и дисциплинированный офицер. За добросовестную службу он награжден грамотами начальника департамента и акима района.

– Наша основная задача – контроль акватории Каспия, – отмечает начальник поста. – Мы следим, чтобы рыбаки и туристы выходили в море только с разрешением и необходимыми документами. Большинство знает о пограничных ограничениях и соблюдает правила. Но нарушения все же встречаются.

Только за первое полугодие 2025 года стражи границы задержали 8 нарушителей пограничного режима и 10 нарушителей правил пребывания в территориальных и внутренних водах.

Помимо этого, пост занял первое место в управлении по итогам инженерного месячника – за грамотное обслуживание и эффективную работу с радиолокационными станциями.

Все успехи подразделения – результат слаженной работы личного состава. Особую роль здесь играют операторы радиолокационных станций ефрейтора Ерсултан Есетов, Данил Кнейб и Александр Бердник. Осуществляя круглосуточный мониторинг текущей обстановки, солдаты выявляют нарушителей и обеспечивают соблюдение пограничных режимов.

Нельзя не отметить и роль ефрейтора Розбая Нысанбая – повара поста, вкусные блюда которого поддерживают высокий моральный дух личного состава и создают домашний уют и тепло.

Надежность технических средств обеспечивает дизелист-электрик ефрейтор Ерасыл Кутлубулатов. Благодаря его работе на посту бесперебойно функционируют дизельные агрегаты и электрооборудование.

А за собственную безопасность отвечают стрелки ефрейторы Ернур Оразали и Абдижалил Зулпухаров. Их бдительность и выучка – гарантия того, что пост всегда готов к обороне.

В завершении можно сказать, что служба на «песчаном мысе» только кажется легкой. На деле – это ежедневная работа, требующая дисциплины, внимательности и высокой ответственности. И именно благодаря таким солдатам и офицерам как «аккумовцы», морские границы нашей страны надежно защищены.

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР». Фото автора.



ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛЕРДІҢ ДАЛАЛЫҚ ЖИЫНЫ БАСТАЛДЫ

Бүгін Тасқала ауданы аумағында орналасқан далалық жиын лагерінде әскери міндеттілердің оқу-жаттығу жиыны салтанатты түрде ашылды. Шара Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін нығайтуға бағытталған жоспарлы дайындық аясында өтуде.

Іс-шараға ҚР ҰҚК ШҚ Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті бастығының уақытша міндетін атқарушы подполковник Сухраб Мусаев, аудан әкімінің орынбасары Рауан Рахметуллин, ШҚ БҚО бойынша департамент қызметкерлері, далалық лагерь әкімшілігі және әскери міндеттілер қатысты.

Салтанатты ашылуда сөз сөйлеген подполковник Сухраб Алижанұлы жиынның мән-маңызына тоқталды:

«Бүгін бастау алған далалық жиында сіздер әскери міндет ретінде заңда белгіленген тәртіппен қызмет өткересіздер. Әскери шеберлік пен тәртіптілікке ерекше мән беріледі. Біліміңіз бен қабілеттеріңіз шыңдалып, еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру жолында нәтижелі еңбек өтетіндеріңізге сенім білдіремін. Баршаңызға әскери дайындықта сәттілік, Отанға адал қызмет пен табыс тілеймін», — деді ол.

Аудан әкімінің орынбасары Рауан Бисенғалиұлы қатысушыларды құттықтап, оқу-жаттығудың практикалық пайдасын атап өтті:

«Бұл жиын сіздердің бұрын алған білімдеріңіз бен дағдыларыңызды одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді. Әр азамат үшін Отанға қызмет ету — мәртебе. Жаттығулар барысында шыдамдылық, тәртіп пен ынтымақтастық тілеймін», — деді ол.



Бағдарлама аясында ҚР ҰҚК ШҚ БҚО бойынша департаментінің әскери қызметшілері арнайы көрсетілмдер қойды. Қатысушыларға әскери іс-қимылдарда қолданылатын бірқатар тактикалық

әдістер, қару-жарақтың түрлері мен опарды қолдану тәртібі көрсетілді. Сондай-ақ, қызметтік иттерді пайдалану тәсілдері көрермендер назарына ұсынылды.

Жиын ҚР Қорғаныс істері жөніндегі

басқармамен бірлесіп ұйымдастырылды. Лагерлік аймақ Тасқала шекара бөлімінің аумағында орналасқан және қажетті мүлікпен толық қамтамасыз етілген. Қатысушылар үшін тұрмыстық жағдайлар жасалған тәулігіне үш мезгіл ыстық әрі сапалы ас беріледі, медициналық пункт жұмыс істейді, киім жуу мен душ қабылдауға арналған орындар қарастырылған.

Биылғы далалық жиынға барлығы 90 адам қатысуда. Оның ішінде 11 офицерлік, 79 сержанттық лауазымдарға дайындықтан өтуде. Жаттығулар барысында саптық, тактикалық, атыс және байланыс даярлығы пысықталып, азаматтық қорғаныс элементтері игеріледі.

Қазақстан әскері халықаралық аренада беделін арттырып, кәсіби әскер ұстанымын нығайтып келеді. Ата Занда айқындалғандай, Отанды қорғау — әрбір азаматтың қасиетті борышы. Тасқалалық жиын осы ұстанымды іс жүзінде бекемдеп, ел тыныштығы мен шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосуды көздейді.



Аға лейтенант А. КӨЛБАЙ, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

ПОГРАНИЧНЫЙ КОНТРОЛЬ

СТРАЖИ В СТЕПИ



В самом сердце казахстанской степи, за сотнями километров от крупных населенных пунктов и среди бескрайних просторов, расположен один из самых удаленных пограничных постов Департамента ПС КНБ по СКО – отделение пограничного контроля «Бидайык» (автомобильное).

Двусторонний пограничный пункт пропуска на границе с Россией был открыт Постановлением Правительства в 2004 году. Он находится на расстоянии в 400 км от областного центра Северо-Казахстанской области на трассе, соединяющей города Петропавловск и Омск.

Небольшой, но важный пункт пропуска ежегодно обслуживает порядка 75 тысяч человек в год. Отсутствие постоянного потока путешественников не отменяет необходимости обеспечивать безопасность и защиту как на

границе, так и внутри страны. И это не просто цифры – это реальная борьба с контрабандой и преступностью.

Отсутствие нормального авто-сообщения не мешают злоумышленникам пытаться использовать удаленные участки границы для незаконных действий. Однако благодаря высокому профессионализму и круглосуточной бдительности военнослужащих, все попытки провоза запрещенных товаров останавливаются на этом рубеже.

На протяжении всей истории

существования поста пограничники сталкиваются с попытками провоза через этот участок оружия, боеприпасов и наркотических веществ. Только за истекший период 2025 года здесь было выполнено 22 оперативных задания, выявлено 2 автомобиля с несоответствием VIN-code, выявлен 1 человек с двойным гражданством, 4 человека, нарушивших миграционное законодательство РК, были привлечены к административной ответственности, задержано 4 факта провоза оружия, боеприпасов и взрывчатых веществ, 2 факта провоза наркотических веществ, а также 2 гражданина Казахстана, добровольно участвовавших в военной операции на территории сопредельного государства.

Но пункт пропуска для жителей Уалихановского района СКО известен не только своими задержаниями, он стал настоящим центром взаимодействия и взаимопомощи. Пограничники активно вовлечены в общественную жизнь села, и их присутствие ощущается не только на посту, но и в культурной сфере.

Так, каждый год в селе проходят праздничные мероприятия в честь культурно значимых праздников и дат. Эти события становятся значимыми не только для детей, но и для пожилых людей, которые видят в пограничниках не просто «стражей границы», но и партнеров, готовых поддержать и помочь в трудную минуту. Они проводят просветительские акции и обучают местных жителей основам безопасности и

правовым нормам, связанным с пограничным контролем.

Вместо шумных дорог и привычных трасс, где поток людей и товаров кажется бесконечным, пограничный пост в степях Северного Казахстана требует от своих сотрудников не только профессионализма и сноровки, но и терпения со стойкостью.

Вне зависимости от того, насколько удаленным может быть пункт пропуска, «стражи в степи» — пограничники отделения пограничного контроля «Бидайык» (автомобильное) всегда готовы выполнить свою работу с честью и достоинством, защищая страну и ее граждан.

Майор Д. УТЕБАЕВА, «OS-ЧР». Фото из подразделения границы.

ДЕРЖАВИНСК – ШКОЛА МАСТЕРСТВА

Небольшой степной Дер-
жавинск, что в Акмолинской
области, сегодня уверенно
можно назвать кузницей
кадров Пограничной служ-
бы КНБ. Здесь, в отделе
технической и профессио-
нальной подготовки, гото-
вят специалистов для под-
разделений пограничного
контроля сразу пяти област-
ей страны – Костанайской,
Северо-Казахстанской,
Восточно-Казахстанской и
области Абай.



Основная задача отдела – подгото-
вка специалистов, от профессионализма
которых напрямую зависит безопас-
ность государственной границы. Здесь
военнослужащие изучают не только нор-
мативно-правовую базу, современные
технические средства контроля и методы
досмотра, но и проходят практические
тренировки, максимально приближенные к
реальным условиям службы. На занятиях
отрабатываются порядок проверки доку-
ментов, выявление поддельных паспор-
тов, профайлинг, а также досмотр желез-
нодорожных составов и автотранспорта.

Начальником отдела является под-
полковник Владимир Владимиров. Под
его руководством сформирован коллектив
опытных офицеров-преподавателей, кото-
рые совмещают военную дисциплину с пе-
дагогическим подходом. Здесь убеждены:
только личный пример офицера способен
по-настоящему воспитать у будущего по-
граничника чувство долга и ответствен-
ность за Родину.

Сегодня учебный центр по праву на-
зывают «школой мастерства». Каждый
выпуск военнослужащих становится
гордостью преподавательского состава:
вчерашие новички уверенно выходят на
службу, успешно задерживают нарушите-
лей и пресекают контрабанду.

– На границе нет права на ошибку, –
отмечают в отделе. – Поэтому мы готовим
военнослужащих так, чтобы с первого дня
службы они действовали четко, уверенно
и профессионально.

Учебный центр в Державинске продол-
жает развиваться: внедряются современ-

ные технологии обучения, обновляется
материальная база, совершенствуется
методика подготовки. И хотя находится
он в небольшом городе, его вклад в укреп-
ление безопасности государства огромен.

– В основе методики – баланс стро-
гости и наставничества. Военная дис-
циплина приучила меня к четкости и
ответственности. Педагогика – к терпению
и внимательности. Эти качества не проти-
воречат, а дополняют друг друга. Правила
и порядок дают уверенность, а уважение к
личности раскрывает способности обучае-
мых, – делится подполковник Нурсултан
Егенберді.

Впереди у учебного центра большие
планы: внедрение новых технологий,
развитие материальной базы, обновление
средств пограничного контроля. Особое
внимание будет уделяться психологичес-
кой устойчивости и способности действо-
вать в нестандартных ситуациях.

Учебный центр в Державинске – это
не просто курсы, а настоящая «школа
мастерства». Здесь из вчерашних школь-
ников и молодых бойцов делают профес-
сионалов, готовых с первого дня выйти на
службу в пунктах пропуска.

– На границе нет права на ошибку.
Поэтому наша задача – готовить специа-
листов, которые будут действовать четко,
быстро и уверенно в любой ситуации,
– резюмирует Нурсултан Сапарбекұлы.



Старший лейтенант
Н. САКЕН, «ОС-ЧР».
Фото автора.

ПӘРМЕННЕН – МӘРЕГЕ ДЕЙІН

Бұл – ҰҚК Шекара қызметінің
Алматы іргесіндегі Қызметтік
кинология басқармасының қыз-
меттік иттер даярлау бөлімі,
1-ші бөлімшесінің 2-ші топ ба-
стығы аға нұсқаушы сержант
Ерқабыл Құсайынов. Ал бас
кейіпкерімізге жеңіс әперген
қызмет итінің лақап аты – Сур-
фат. Неміс овчаркасының жасы
бесте. Ал Ерқабылдың өзі кино-
логия саласына келгеніне 8-ші
жылдың жүзі болып барады
екен. Қазақстан, Қырғызстан,
Тәжікстан, Түрікменстан және
Өзбекстан елдерінің ең мықты
деген кинологтары бас қосқан
сайыс – біздің кейіпкеріміз
үшін алғашқы көрінісді. Осыған
қарамастан, жүлделі орынды
қанжығасына байлаған шека-
рашымен сұқбат үстінде өзінің
Шекара қызметіне қалай келгенін
сұрадық.

– Мен өзім Жаркенттің
Ынталы деген ауылынанмын. Ал
шекара иялығының мен секілді
кез келген өрені шекарашыларға
қарап, бой түзейтіні екібастан
белгілі. Сондықтан мен де ше-
карашылар сапына алыну үшін
тырысып көріп, ақыры дегеніме
жеттім. Бірақ қазіргі қызмет
атқаратын жерге бірден кел-
ген жоқпын. Панфилов ауданы
бойынша шекара басқармасы-
ның «Қорғас» шекара бөлім-
шесінде біраз уақыт жүргізуші
болдым, – дейді Ерқабыл Сөйтп,
бес жылдай «УАЗ» көлігімен ше-
караның ойы мен қырын аралап,

Анау-мынау емес, халықаралық сайыс өтіп жатты. Қатысушылар да осал емес, бірін-бірі басып озып, шаңға қалдырып кетуге дайын... Осының барлығы алыстан ат арылтып келген өзге елдің төрешілерімен бірге біздің назарымыздан да тыс қалмаған. Бір қызығы, біз мұнда өзімізді таңғалдырып, тәтті еткен талай оқиғаның күзесіне айналған едік. Дегенмен, бүгінгі әңгіме – халықаралық деңгейдегі жарыста өзінің де, қасына ерткен итінің де мықтылығымен бірінші орынды жеңіп алған кинолог туралы.

бөлімшенің ауыр қызметін бастан
өткерген соң осында ауысып кел-
дім. Өзімнің кинология саласын
ұнатып, иттермен жұмыс істегенді
жақсы көрген соң...

Осылай деп, ағынан жарылған
сержант Е.Құсайыновтан өнді
иті туралы сұрадық. «Сурфат» –
маған бекітіліп берілген үшінші ит.
Өте ақылды. Мінезі де салмақты.
Иесіне адал. Көз тартатын әдемі
де. Өзін қабылдап алған сәттен
бастап, алда болатын жарыстарға
дайындауға кірістім. Осыған дейін
өз арамьзда – Шекара қызметінің
аясында өтетін жарыстарда жақ-
сы нәтиже көрсеттік. Ал халықа-
ралық деңгейдегі сайысқа алғаш
рет түскелі тұрғандықтан, бір ай
бойы қатты дайындалдық. Мұнда
мен жарылғыш заттарды табумен
бірге Сулфаттың «тәртібі» қандай
екенін көрсетуге тиіс болдым.
Қалай көрсеткенімді өзіңіз де
білесіз», деген мақтаулы кинолог-
тың жүзіне күлкі жүгірді.

Иә, білеміз. Сосын да бұл
туралы біз осыған дейін респу-
бликалық, ведомстволық және
облыстық газеттерге жарық көр-
ген мақалада: «...Менің «Время»
газетіндегі әріптесім Юлия Зенг:
«Эстрасенстер сайысы» деп
атаған тартыстан тек мықты-
лардың мықтысы ғана жеңіске



жеткен. Тіпті, үшінші күнге бел-
гіленген номинация кезінде де
кейбір иттердің қожаыны берген
бұйрыққа қалтқысыз бағынбай,

төмен баға қойылғанының күесіне
айналдық. Есесіне, ҰҚК Шекара
қызметінің атынан өнер көрсет-
кен команда мүшелерінің бірі

Ерқабыл Құсайынов пен оның
төрт аяқты досы Сурфат қай
жағынан да жаңылған жоқ еді.
Сондықтан, біздің шекарашы ха-
лықаралық жарыстың абсолюттік
чемпионы атанып, өзі қызмет
ететін басқарманың атын аспанға
бір-ақ шығарған...», – деп жаздық.
Шекарашының жаңұясы
туралы айтатын болсақ, жүрегіне
жол тапқан жан жары Жанат екеуі
төрт ұл, бір қыздың ата-анасы.
Ерқабыл Тоқтарғалиұлының бұл
жағынан да жолы болды деп
сеніммен айта аламыз. Өйткені,
кейіпкеріміздің шаңырағында
сенім, ортақ мақсат, жылулық пен
қамқорлық, кішкентай қуанышты
да бағалау орын алған. Осының
барлығы бақытты отбасыға тән
көрініс!

Міне, абсолюттік чемпион
атанған Ерқабыл туралы айта-
рымыз осы. Алдағы уақытта да
ол туралы қалам тербетінімізге
сенімдіміз. Өйткені, төрт аяқты
досы екеуін алда талай доданың
күтіп тұрғанына күмән жоқ.

ҚР Журналистер
одағының мүшесі
ескері журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«ОС-ЧР». Суретті
түсірген автор.



НА СТРАЖЕ ЦИФРОВОЙ ГРАНИЦЫ

Андрей Владимирович ро-
дился 11 ноября 1987 года в
городе Петропавловске – здесь
же прошли его детство и юность.
После школы он поступил в Пет-
ропавловский железнодорожный
колледж и получил профессию
программиста. Тогда, возможно,
он и не подозревал, что знания,
полученные в аудиториях кол-
леджа, спустя пару лет станут
краеугольным камнем в системе,
от которой будет зависеть ста-
бильность работы пограничной
службы в целом регионе.

Свою службу наш герой начал
в 2008 году в войсковой части
2032. Тогда, как вспоминает он
сам, все было немного иначе:
техника старая, расходники в
дефиците, инфраструктура в
зачатке. Но именно в таких ус-
ловиях закаляется настоящая
специалист.

– Мы поддерживали работо-
способность буквально на голом
энтузиазме. Компьютеры, прин-
теры – все приходилось чинить,
иногда даже подручными сред-
ствами. Но это и сделало меня

В нашей газете принято рассказывать о тех, кто не просто служит, а делает это с пол-
ной самоотдачей. Таких людей много, и каждый из них заслуживает отдельной страницы.
Сегодня – история человека, который уже 17 лет стоит у цифрового рубежа охраны гра-
ницы. Речь идет о технике автоматизированных систем управления Департамента ПС по
Северо-Казахстанской области старшем сержанте Андрее Куликове.

тем, кто я есть сегодня, – говорит
Андрей.

Особое место в его профес-
сиональной истории занимает
участие в развертывании и запус-
ке Единой автоматизированной
системы управления «Шекара».
Он пришел в часть как раз в тот
период, когда только начинался
этот масштабный проект. Погра-
ничник принимал активное учас-
тие в разворачивании серверной
инфраструктуры, настройке сети,
наладке программного обеспе-
чения. Он настраивал, обучал,
тестировал и обеспечивал бес-
перебойную работу платформ.

– Когда все запускается и на-
чинает работать, понимаешь – не
зря старался. Система работает
– значит, граница под надежной
защитой, – делится он.

Впрочем, за сухими техниче-
скими терминами – живая судьба
человека. Андрей – семьянин.

Его супруга Наталья – надежный
тыл и опора. Вместе они воспи-
тывают двух дочерей – Викторию
и Дарью. В разговоре он тепло
улыбается, когда речь заходит
о семье.

Найти баланс между работой
и личной жизнью помогает новое
увлечение – игра на барабанах.
Неожиданно? Возможно. Но имен-
но музыка помогает расслабиться
и перезагрузиться после напря-
женной службы.

– Записался на курсы, сейчас
планирую купить электронные
барабаны. Всегда мечтал – те-
перь решил, что пора, – делится
техник.

Сегодня старший сержант
Андрей Куликов – не просто
военнослужащий. Это человек,



Майор
Д. УТБАЕВА,
«ОС-ЧР». Фото
из личного
архива
А. КУЛИКОВА.



ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ АДАЛ ҚЫЗМЕТКЕР

ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаменті Сарыағаш ауданы
бойынша шекара басқармасы шекараны күзету бөлімінің техник-карто-
графы ефрейтор Курбанов Шухрат Ахматович – туған жерінің патриоты,
отбасының тірегі, ал мемлекет шекарасының сенімді сақшысы.



1990 жылы Оңтүстік Қазақстан об-
лысы Сарыағаш қаласында дүниеге
келген. 1997–2006 жылдары Шымкент
қаласындағы №21 А.П. Чехов атындағы
орта мектепте білім алып, алғашқы ар-
ман-мақсаттарының іргетасын қалады.
Кейін 2006–2009 жылдары Сарыағаш
қаласындағы №12 кәсіптік лицейде ав-
томеханик мамандығын меңгеріп шықты.

Елге деген борышын өтеу мақсатында
2010–2011 жылдары Қарағанды облысы
Теміртау қаласындағы №5516 ішкі қызмет
әскери бөлімінде әскер қатарында болды.

Бұл кезең болашақтағы әскери жолының
бастамасы, тәртіп пен тәзімділіктің мек-
тебі болды. 2014 жылы Курбанов Шухрат
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің 2020 әскери
бөліміне қарасты «Дархан» шекара за-
ставасына келісімшарт бойынша қызметке
орналасты. Өз кәсібіне адалдығы мен
жауапкершілігі арқасында уақыт өте келе
беделді маманға айналды. 2018 жылдың
қаңтар айынан бастап ол 2020 әскери
бөлімінің штабында Мемлекеттік шека-

раны күзету бөлімінде техник-картограф
лауазымында еңбек етуде. Бұл сала
– әскери бөлім үшін аса маңызды бағыт-
тардың бірі, өйткені әрбір карта мен сызба
шекара қауіпсіздігінің сенімді тірегі болып
табылады. Курбанов өзінің кәсібилігімен
әріптестерінің сеніміне ие болып, бөлім-
шенің жұмысына зор үлес қосып келеді.

Шухрат – үлгілі әке, сүйікті жар. Үйлен-
ген, бүгінде екі ұл мен бір қыз тәрбиелеп
отырған ардақты әке. Отбасындағы бере-
кесі мен әскери өміріндегі абыройы – оның
өмірлік ұстанымының айқын көрінісі.

Курбанов Шухрат Ахматович – туған
еліне адал қызмет етіп жүрген, отбасы
мен Отан алдындағы парызын тән ұстаған
азамат. Оның еңбекқорлығы мен шекара
қауіпсіздігіне қосқан үлесі жас сарбаздар
үшін үлгі, ал ел үшін мақтанаш.

Майор Р. АСАДИЛОВ,
«ОС-ЧР». Сурет
шекара басқармасынан.

СЕРДЦЕ, ГОВОРЯЩЕЕ НА ЯЗЫКЕ РОДИНЫ

Родился он в одноименном селе,
среди просторов, где каждый склон,
каждый ручей напоминают о детстве.
Здесь, глядя на военных, мальчишкой он
мечтал носить погоны и однажды встать
на защиту границы. Мечта сбылась – и
сегодня молодой пограничник с гордо-
стью несет службу.

Но история С. Клемина – особенная.
По национальности он русский. И при
этом, один из тех, кто с гордостью несет
в себе богатство казахского языка и куль-
туры. В его устах звучит государственный
язык так чисто и уверенно, что многие
ослуживцы порой удивляются: разве это
не его родная речь?

Он свободно общается на казахском
в службе, в быту, на мероприятиях. Но,
пожалуй, больше всего поражает дру-
гое: Сергей поет на казахском и с таким
чувством, что слушатели невольно за-
молкают. В эти минуты становится ясно
– национальность может быть разной, но
сердце у Родины одно.


Товарищи по службе рассказывают,
что Сергей один из тех, кто помогает
создавать атмосферу единства. Когда
на мероприятии звучит его исполнение
казахской песни или искренние слова
на государственном языке, в коллекти-
ве чувствуется особая сплоченность.
Пограничники разных национальностей
становятся не просто сослуживцами, а
одной семьей.

Служба же остается непростой. За
внешним спокойствием кроется посто-
янное напряжение: круглосуточное
наблюдение, техника, профилактика
нарушений, готовность к задержаниям
и неожиданным ситуациям. Молодому
разведчику уже довелось пройти первые
командировки и дежурства в отдален-
ных участках. Там нет места случайным
людям – каждый шаг требует выдержки,
силы духа и верности присяге.

– «Кеңерал» – это моя малая Родина.
И я обязан ее защищать. Служба на гра-
нице – это честь, которая стоит любых
трудностей, – подчеркивает пограничник.

Сегодня в лице Сергея Клемина мы
видим образ современного пограничника:
молодого, целеустремленного, преданно-

Есть особая гордость в том,
когда человек сам выбирает
свой путь. Когда он идет не
потому, что так сложилось, а
потому, что так велит сердце.
Таков ефрейтор Сергей Клемин
– разведчик мобильной группы
отделения «Кеңерал».



го своему делу. Его пример – это доказа-
тельство того, что патриотизм не опреде-
ляется национальностью. Он рождается в
сердце и проявляется в поступках.

В его песнях на казахском, в его службе
на границе, в его верности делу звучит
одна простая истина: Родина – там, где
ты служишь честно, говоришь искренне и
любишь всем сердцем.

Старший лейтенант
Н. САКЕН, «ОС-ЧР».
Фото автора.

ӨЗ ІСІНЕ АДАЛ ЖАН

Көлік жүргізу – сырт көзге қарапайым көрінгенімен, шын мәнінде, үлкен жауапкершілік пен кәсіби шеберлікті талап ететін күрделі мамандық. Әсіресе шекара қызметінде көлік жүргізушісі болу – тек рөлде отыру ғана емес, қауіпсіздік пен тәртіптің, сенім мен уақыттың сұранысын бірге алып жүру. Мұндай мамандықты жүрекпен қалап, жылдар бойы табандылықпен қызмет етіп келе жатқан жандардың бірі – Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының шаруашылық қамтамасыз ету тобының жүргізушісі, тәжірибелі маман Уәлихан Жұмабекұлы Қуанышбаев.

Уәлихан Жұмабекұлы 1968 жылы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Дайыр ауылында дүниеге келген. Ескен ортасы мен білім алған жері – туған өлкесі Зайсан қаласы. Ол осы қаланың М. Әуезов атындағы орта мектебінде білім алып, тәрбиеленіп шықты. Оқуын аяқтаған соң, 1987 жылы Кеңес армиясы қатарына шақырылып, Азербайжан Республикасының Карабах – Сумгайыт өңірінде екі жыл әскери борышын өтеді. Қауіпті әрі жауапты кезеңде Отан алдындағы парызын абыроймен атқарып қайтқан жас жігіт туған жеріне оралған соң еңбекке белсене араласты.

Алғашқы еңбек жолын Зайсан дезинфекциялық станциясынан бастаған ол кейін Зайсан автотранспорт кәсіпорнында жұмыс істеді. Алайда өмірінің ең үлкен белесі – 2003 жылы басталды. Сол жылы Уәлихан Қуанышбаев Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасына жүргізуші

болып қабылданып, содан бері табан аудармай 22 жылдан астам уақыт бойы еліміздің мемлекеттік шекарасын күзету-дезінің үлесін қосып келеді.

Шекара қызметіндегі жүргізушілердің жұмысы – әрқашан көзге көп көріне бермейтін, бірақ аса маңызды әрі жауапты сала. Олар күн мен түнге қарамай, шұғыл шақыртуларға, апаттық жағдайларға, қызметтік іссапарларға жолға шығады. Кейде жол – қиың, ауа райы – қолайсыз, бірақ уақытпен санаспай, шекарашы жауынгерлермен иық тірестіре еңбек ететін – осы жандар. Уәлихан Жұмабекұлы да – дәл осындай төзімділікті, табандылықты серік еткен маман.

Ол тек кәсіби шеберлігімен ғана емес, адами қасиеттерімен де әріптестер арасында зор құрметке ие. Үлкенге – ізет, кішіге – кеңес айтудан жалықпайтын, көз келген жанға көмектесуге дайын тұратын ашық мінезі оны өзгелерден даралап тұра-

ды. Әсіресе жыл сайын көктем мен күз мезгілдерінде шекара қатарына келетін жас жауынгерлерге бағыт-бағдар беріп, өмірлік тәжірибесімен бөлісіп отырады. Бұл – Уәлихан ағаның жәй өңгімесі емес, тәрбиелік мәні зор тағылымы.

Отбасында – асыл жар, ардақты әке. Қызметте – еңбекқор, жауапты, сабырлы. Осындай парасат пен тәжірибені қатар ұштастырған жанның еңбегі елеусіз қалған емес. Уәлихан Жұмабекұлы жылдар бойы сіңірген еңбегі үшін бірнеше рет Шекара қызметінің басшылығы мен аудан әкімдігінің марапаттарына ие болды. Бұл – оның тек шекара шебіндегі емес, жалпы қоғамдық ортадағы беделінің де бір көрінісі.

Уәлихан Қуанышбаевтың өмірі мен еңбегі – жас ұрпаққа үлгі боларлық еңбек жолы. Көз келген мамандықтың биігі – адалдықта. Ал Уәлихан аға – өз ісіне адал жанның жарқын бейнесі.



Подполковник
Г. БАКЕТОВ,
«OS-ЧР». Сурет шекара
басқармасынан.

АДАЛ ҚЫЗМЕТІМЕН ЕЛГЕ ӨНЕГЕ

Адам өмірінің мәні – елге адал еңбекпен қызмет етуде. Осындай қасиеттерді бойына дарытып, саналы ғұмырын еңбекке арнаған жандардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасы Шаруашылық қамтамасыз ету тобының машинист-отжағушысы Александр Покидко.

Ол Талдықорған облысы Қабанбай ауылында дүниеге келген. Бала кезінде отбасы Үшарал қаласына қоныс аударады. Содан бері аталған мекен Александр Васильевичтің алтын бесігіне айналды.

Орта мектепті тәмамдаған соң, білім жолын жалғастырып, Талдықорған индустриалды-педагогикалық техникумына түседі. Жастайынан ізденімпаздығымен, еңбекке бейімділігімен ерекшеленген ол, 1983-1985 жылдар аралығында Грузия жерінде Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен өтеді. Әскери тәртіп пен жауапкершілік оған өмірлік сабақ болды.

1986 жылы 2484 әскери бөліміне elektrik қызметіне жұмысқа орналасады. Уақыт өте келе кәсіби шеберлігімен көзге түсіп, 1991 жылдан бастап “мазут-ты-насосық станцияда” оператор болып еңбек жолын жалғастырды. Міне, содан бері 30 жылдан астам уақыт бойы өз ісіне адал берілген нағыз маман ретінде елге, әскери ұқымына қалтқысыз қызмет етуде.

Қажырлы еңбегі елеусіз қалған жоқ. Бірнеше рет көтермеленіп, медальдармен марапатталды. Бұл – басшылықтың еңбекті бағалағанының айқын дәлелі. Қызмет орнында абыройлы, әріптестері арасында сыйлы, ал жас буын үшін білікті ұстаз бола білген Александр Васильевич – шынында да үздік маман.

Ол үшін әскери бөлімде қызмет ету – тек жұмыс емес, мәртебе. Шекара шебін күзеткен шекарашыларды жылумен қамтамасыз ету, ел қауіпсіздігіне өз үлесін қосқан азаматтық парызы. Туған жердің көркем табиғаты мен Алакөлдің асқақ таулары, мөлдір көлі Александр Васильевичтің бойына отаншылдық рух пен мақтанш сезімін қатар сыйлайды.

Отбасында да мейрімді әке, ардақты жар. Жолдасы Инна Владимировна екеуі үш бірдей перзент тәрбиелеп өсірді. Балалары бүгінде әр салада еңбек етіп, әке жолын жалғаған елдің тұтқасы бо-



Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Сурет шекара
басқармасынан.

ЖАС ШЕКАРАШЫ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ҚАМҚОРШЫСЫ



Қазақ елі үшін шекара – тәуелсіздіктің тірегі, бейбіт өмірдің көпірі. Көшегі қырағы шекарашылардың жанқияр ерлігі мен ардагерлердің адал қызметі арқасында бүгінгі ұрпақ тыныш өмір сүріп келеді. Енді осы асыл дәстүрді жалғап, жас буынды отансүйгіштікке баулуды мақсат еткен жаңа бастама елорда да қолға алынды.

5 қыркүйек күні Астана қаласындағы №16 мектепте «Жас шекарашы» патриоттық клубына арналған «Шекара қалашығы» салтанатты ашылуы өтеді. Арнайы орнатылған шекара бағасы, шекара мұнарасы және бақылау-із жолағы балаларға нағыз шекара қызметінің үлгісін көрсетіп, Отан қорғаудың қасиетті міндетін жақыннан сезінуге мүмкіндік береді. Бұл бастаманың мәні ерекше. Өйткені бүгінгі жас – ертеңгі ел қорғаны. Ал олардың бойына елге деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін дарытатын басты тұлғалар – ардагерлер. «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің ардагерлері жасөспірімдерге өздерінің өмір жолынан сыр шертіп, шекара күзетінің қиын да мәртебелі қызметі туралы әңгімелеп береді. Олар – тірі тарих, сарқылмас тағылым. Сонымен қатар, «Застава тарландары» ұйымының бастамасымен мектеп қабырғасында арнайы оқу сыныбы жабдықталды. Бұл сыныпта стендтер орнатылып,

ел тарихының маңызды беттері, шекарашылардың ерлік жолдары мен тағылымды деректері көрініс тапқан. Мұндай орта жас ұрпаққа шекарашы мамандығының абыройын ұғындырып қана қоймай, олардың патриоттық көзқарасын нығайта түсетіні сөзсіз. Ардагерлер – біздің рухани діңгегіміз. Олар үшін шекараны қорғау – тек әскери қызмет емес, ол – Отанға адалдықтың, туған жерге деген шексіз сүйіспеншіліктің көрінісі. Өңегелі сөздерімен де, ғұмырлық тәжірибесімен де жас ұрпаққа үлгі болып келеді. Сондықтан біз барша қала тұрғындарын және бүгінгі шекара қызметінде жүрген әскери қызметшілерді осы айтулы шараға қатысып, жас шекарашыларға қолдау көрсетуге шақырамыз. Әрбір қонақтың ықыласы балалардың жүрегіне отансүйгіштік рух сыйлап, болашаққа деген сенімін нығайта түсері анық.

Келіңіздер, ел шебін күзеткен ардагерлердің өнегесін дәріптеп, болашақ шекарашыларға бірге дем берейік!


ҰЛТТЫҚ НАҚЫШ – РУХАНИ ҚАРУ

ҚАЗАҚ – ЖАУЫНГЕР ХАЛЫҚ. БҰЛ — ТЕК ЖАЛАҢ СӨЗ ЕМЕС, САН ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХТЫҢ ДӘЛЕЛІ. АТ ЖАЛЫНДА ЖҮРІП ЕЛІН ҚОРҒАҒАН БАҒАДҮР БАБАЛАРЫМЫЗ ТЕК НАЙЗАНЫҢ ҰШЫМЕН ЕМЕС, РУХТЫҢ КҮШІМЕН ДЕ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКЕН. СОЛ РУХТЫ САҚТАП, ҰРПАҒЫНА ЖЕТКІЗУДЕ ҰЛТТЫҚ НАҚЫШ ПЕН ОЮ-ӨРНЕКТИҢ ДЕ ӨЗІНДІК ОРНЫ БАР.

Батыр бабаларымыздың күнделікті тұрмысында, қару-жарағы мен сауыт-сайманында, ер-тұрманында ұлттық нақыштың ізі сайрап жатады. Бұл жай сән үшін ғана емес, терең мағыналы белгілер – жауынгерлік рухтың, ру мен ұрпақтың, тектіліктің көрінісі.

Осы орайда біз белгілі этнограф, суретші, «Қазақ ою-өрнектерінің этнографиялық атласы» кітабының авторы Ералы Оспановпен тілдесіп, ұлттық өрнек пен әскери дәстүр арасындағы байланысты сөз еттік.

«Ою-өрнек – көшпенділердің көркем тілі», – дейді Ералы аға. – «Ол кез келген халықта бар десек те, қазақ оюының ерекшелігі – оның мағынасы мен мазмұнында. Мысалы, кей өрнектер батырлықты, ерлікті, ер-тоқым мен қорамсақтағы өрнектер жауынгердің мәртебесін білдіріп тұрған. Айбалта мен қалқанға түсірілген бедер – жай сән емес, металды тот басудан қорғайтын, сонымен қатар иесінің жауынгерлік рухын білдіретін белгі болған». Тарихта белгілі Кеңесары ханның өзі сарбаз-



дарды ерекшелеу үшін түрлі-түсті белгілер таққаны жайлы деректер бар. Бұл – әскери тәртіп пен рухты көтерудің бір жолы.

Сұхбат барысында этнограф бүгінде жастардың ұлттық нақышқа қызығушылығы артып келе жатқанын айтты. Дегенмен, ол қызығушылықтың тұтынушылық сипаттан аспай жатқанын да жасырмады. «Қазір ою-өрнекті шапан мен төрдегі көрпешеден ғана көреміз. Ал күнделікті қолданыста, әсіресе әскери киімдер мен жабдықтарда ұлттық нақыштар сирек кездеседі. Егер осы бағытта нақты жұмыс жүргізілсе, арнайы топ құрылып, әскери стильге сай, мағынасы терең ою-өрнектерді енгізуге болады. Бұл – жауынгерлік рухты нығайтудың да бір жолы», – дейді ол.

Шынында, өрнек – жай әшекей емес. Ол – ұрпақ жады, дала философиясы. Әскер – тәртіп пен рухтың мекені. Сол рухты бекемдеуде ата-баба жолынан алынуар үлгі аз емес. Кезінде темір сауыт киіп, найза ұстаған бабалардың бүгінгі ұрпағы заманауи қару асынғанымен, рухани қару – ұлттық болмысты ұмытпауы тиіс.

Ұлттық нақыш – жауынгер жүрек-тің үні. Оны сақтау – ердің ісі.



Бетті дайындаған
подполковник
Ж. КЕМЕЛІ, «OS-ЧР».
Сурет ғаламтордан.

ҰРПАҚҚА ҰЛАФАТ, ЕЛГЕ ҚОРҒАН

Қазақ халқының тарихында елінің бостандығы мен жерінің тұтастығы үшін күрескен батырлар аз емес. Солардың бірі әрі бірегейі – Сыр бойының қаһарман ұлы, даңқты қолбасшы Жанқожа Нұрмұхамедұлы. Ол XIX ғасырда өмір сүрген, Ресей империясы мен Қоқан хандығының озбырлығына қарсы бас көтеріп, Сыр өңірін отарлаушылардан қорғаған халық батыры. Оның күресі тек қарумен емес, әділет пен намыс туының астында жүріп отырды.

Жанқожа батыр 1774 жылы Қазалы маңындағы Құландыда дүниеге келген. Ол ерте жастан батырлығымен әділеттілігімен көзге түсіп, ауыл-аймақтың қамын ойлаған көшбасшыға айналады. Жас кезінен ел ішіндегі дау-шарларға араласып, әділ төрелігімен аты шығады. Қоқан хандығының Сыр бойына үстемдік орнатуына қарсы шығып, бірнеше шайқаста қол бастап, жауға тойтарыс берген. Кейін Ресейдің отарлық саясатына қарсы ұйымдастырған көтерілісі Жанқожаның есімін халық арасында аңызға айналдырады. Оның 1856 жылғы орыс отаршыларына қарсы Қазалы мен Сыр бойында жүргізген күресі – тарихта ерекше орын алады. Бұл көтеріліске мыңдаған сарбаз қатысып, Жанқожаның басшылығымен әділет үшін шайқасты. Көп ұлтты отаршыл жүйеге қарсы тұру – ерлік пен рухтың көрінісі болатын.

Қазіргі таңда Жанқожа батырдың есімі ел жадында қайта жаңғырып, ұрпаққа үлгі ретінде насихатталуда. Соның нақты көрінісі ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне қарасты «Жанқожа батыр» шекара бөлімшесінің жұмысын айтуға бо-

лады. Бұл бөлімше еліміздің оңтүстігінде, шекара шебінде орналасқан. Мұндағы шекарашылар батырдың ерлік рухымен қызмет атқарып, ел тыныштығын күзетуде. Бұл бөлімшеде қызмет ететін әскери қызметшілер тек шекараны күзетіп қана қоймай, ел тарихын, батырлар өмірін терең біліп, жас буын арасында патриоттық тәрбие жұмыстарын да қатар жүргізеді. Батырдың есімімен аталған бөлімше – бұл жай ғана атау емес, үлкен рухани жауапкершілік пен батыр бабалар аманатына адалдықтың белгісі.

Бүгінгі күні Жанқожа батырдың өмірі мектеп оқушылары мен студенттер арасында насихатталуда. Батырдың ұрпаққа қалдырған аманаты – елге адал қызмет ету, жерді қорғау, ұлттық рухты сақтау. Оның ерлігі жайлы деректер оқулықтарға, әдеби шығармаларға, деректі фильмдерге арқау болып отыр.

Сондай-ақ, Қызылорда өңірінде батырдың құрметіне ескерткіштер орнатылып, елді мекендерге аты берілген. Қазалы ауданында батырдың кесенесі бар, ол бүгінде тарихи-танымдық туризм нысандарының бірі саналады. Әр жыл сайын батыр рухына тағзым ету мақсатында еске алу шаралары



ұйымдастырылады.

Жанқожа Нұрмұхамедұлы – тек батыр ғана емес, ұлттық сана мен рухтың символы. Ол – елдің тәуелсіздігі үшін күрескен, халқының мүддесін бәрінен биік қойған қайсар тұлға. Оның ерлігі мен мұрасы – бүгінгі ұрпаққа жол көрсететін шамшырақ іспеттес. Міне, осындай баһадүр бабаларымыздың ерлік жолы қазіргі шекара қызметінде қызмет етіп жүрген жастарға рух беріп, елге адал қызмет етуге шабыттандыруда.



Батыр атымен аталған шекара бөлімшесінің болуы – бұл ұлт тарихына деген құрметтің, патриоттық тәрбиенің жарқын үлгісі.

Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ, «OS-ЧР».
Суретті желіден.

ЗЕЙНЕТ ЖАСҚА ҚОЛ СОЗҒАН

Әскери қызметте әсері бөлек сәттер бар. Жанкешті жорықтағы жаныңды жадыратып, көңілге көктем ұялататын мезеттер. Қанша жыл өтсе де жадында жаңғырып, есті естеліктер болып мәнмұндалайтын мезеттер. Ойлағанның өзі ғажап. Қанша жылғы өткен еңбегің мен төккен маңдай теріңнің текке кетпегенін түсінесің. Сонда шалғайдағы шақырымдарда шеп құрып, жел өтінде жан баққан жаз ғұмырың айбын мен абырой биігіне адымдай жөнелетін. Осындай шұғылалы кезеңнің бірі – шекті жасқа жетіп, зейнетке шығу. Артқа көз тастасаң, төл шежірең болып суреттелетін қызметтік кезеңнің ақырғы аялдамасы.

Шіліңгір шілденің бел ортасында қызметтік сапармен «Сазды» шекара бөлімшесіне табан тіредік. Алыстағы ағайынға арна айтқан уақыт ақжолтай хабармен бетпе-бет келдік. Жиырма жылға жуық уақыт атыраулық шекарашылардың қатарында ерліктен енші алған әріптесімді бейнеттің зейнетін көрмекке бекініпті. Көптен таныс кейіпкердің қуанышын көпке бөлісіп, ойлы оқырманнан сүйінші сұрауды жөн көрдік. Ол «Сазды» шекара бөлімшесінің старшинасы аға сержант Руслан Ищанов болатын.

Руслан Хамидуллаұлы 1988 жылы Атырау облысы Құрманғазы ауданы Кептоғай ауылында дүниеге келген. 2007-2008 жылдары мерзімді әскери қызметтен кейін келісімшарт бойынша қызметін жалғастыруға талап білдірген. Алғашқы қызмет жолын 2009 жылы 2016 әскери бөлімінің «Кудряшов» шекара заставасының атқышы лауазымынан бастаған. Кейіннен түрлі жылдары байланыс ротасының старшинасы, жеңуде ротасының старшинасы, қойма бастығы лауазымдарын абыроймен атқарған. Ал 2020-2025 жылдар аралығында ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаменті құрамындағы «Сазды» шекара бөлімшесінің старшинасы лауазымында табысты еңбек етті. Бұл жылдар аралығында шекарада шыңдалған ұл тындырымды ісімен танылып, жоғары бастамашылығымен желкөнді жетістіктерге жол таба білді. Жиырма жылға жуық алғаусыз алғыс арқаалаған мінсіз қызметтен соң зейнетке қол созған ол қарулас жолдастарының арасында сый-құрметке ие.

Бізден сұраса, Русланды өз ісінің нағыз майталманы деп ақпар берген болар едік. Олай дейтініміз шекарашы ұлдан қызметке қатысты қандай сұрақ қойсаңыз, кідірмес-тен сапалы әрі тиянақты жауап береді. Осындай іскерлігі үшін басшылық құрамның сан мәрте арқадан қаққанын



көз көрді. Шекара бөлімшесіне жолымыз түскен уақыт көз алдымызға алғашқылардың бірі болып кейіпкеріміздің жұмысы көрінді. Қарасаң көзің тоятын қызмет орнындағы мұнтаздай тазалық, шекара бөлімшесі қоймасының және аумағының тазалығы мұның барлығы Русланның қолымен бітетін дүние. Кемеңгер қазақ даналығында «шымшық сойса да, қаспашы сойсын!» дейтін қанатты сөз бар. Әр салада осындай өз ісін жетік меңгерген мамандар жүрсе, дамудың тетігін жедел тапқан болар едік.

– Өзім шекаралық аймақта дүние дидарын көрдім. Балалықтың аспанын армансыз көзіп жүргенде-ақ әскери киім үлгісімен таныс болдым. Буынымыз бөкіп, қанатымыз қатайған соң өзіміз де әскери қызметші болуға асықтық. Тағдырдың тартуы шығар. Маңдайыма айбынды шекарашылардың қатарында жиырма жылға жуық уақыт қызмет ету бақыты бұйырыпты. Кіндік қаның тамған

топырақтың тыныштығы үшін қызмет ету үлкен жауапкершілік жүктейді. Себебі атаңның табаны тиген жерді қорғау – ерліктен енші алуға шақыратындай. Шекарамен жалғасқан жауынгерлік қызметімің ақырғы нүктесінде тұрмын. Осы қызметке алғаш келген уақыт көзіме елес-тетіп те, көрмеппін. Бірақ бұл ғажап әсерге шақырып, өз-өзіңе деген құрметтіңді арттыратын сәт екен. Шекара қызметінің ыстығына күйіп, суығына тоңып ел қорғау ісіне күш салған барша әріптес-жолдастарға осы бақыт бұйырсын деп тілек айтқым келеді. Шекара қызметіне айтар алғысым шексіз. Бүгінгі шыққан биігіме қондырған осы қастерлі мамандық. Зейнетке шығып, әскери қызметтен алыстап кеткім жоқ. Алдағы уақытта қайтсем де еліме пайда тигізетін қызметте төбе көрсетемін деп сеніммен айта аламын,- деді аға сержант Руслан Ищанов.

Кейіпкеріміз жылдармен жалғасқан қауырт қызметпен қатар шағын отанның шаттығын қатар күзеткен. Қазіргі уақытта бірлігі бекем жарасымды жанұяның сенімді тірегі. Шаңырағын шаттыққа толтырған жары Асылай Орынбаевамен бірге 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отыр. «Аяулы жарым – қызмет кеңістігіндегі күрделі кезеңдерімнің куәгері» дейді Отан сақшысы. Екіара сұхбат барысында жылдар бойы жалғасқан адал сөзім мен үлкен сыйлас-тыққа көз жеткіздік. Оны аяулы жарына деген шексіз сүйіспеншілігі мен айтар алғысынан анық аңғардық.

Қызметтен қол үзген соң артыңнан өшпес із қалса, майталман маман үшін мұнан асқан марапат жоқ шығар?! Біз ойлы оқырманмен қауыштырған шекарашы осындай қажетті маман. Мардымды мақаламыздың кейіпкері етіп, сүйінші сұрап, көпке таныстырғандағы да әуелі мақсатымыз осы еді. Ел игілігі жолындағы еңбегіңіздің жемісін көр, Руслан Хамидуллаұлы. Атыраулық шекарашылар сіздің алар асуыңыз өлі алда екеніне шүбесіз сенеді. Қаңша жылғы көрген бейнетіңізін зейнетін көр, қыраным! Еңбек демалысыңның әр күні шалқыған шаттыққа толы болсын!

Капитан Б. ҚОЖАНТАЙ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

ТАБИҒАТ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

Ақтауда «Таза Қазақстан» атты кең көлемді экологиялық акция өтті. Оған ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің әскери қызметшілері де белсене атсалысты. Шараның басты мақсаты – қалалық жағажайларды және бөлімшелерге бекітілген аумақтарды қоқыстан тазарту болды.

Акция барысында шекарашылар өз бөлімшелерінің аумақтарын ретке келтіріп, сондай-ақ Ақтау қаласының жағажайындағы 15 шақырымнан астам жағалау сызығын тазалады. Нәтижесінде 10 тоннадан астам қоқыс жиналды.

— Бүгін біз «біріміз бәріміз үшін» қағидасымен әрекет етіп, Ақтау жағалауын қоқыстан тазалаудамыз. Мұндай акциялар жастардың табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға көмектеседі. Біз оларды тұрақты түрде өткізіп келеміз, себебі бұл қоршаған ортаның ластануын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді. Табиғат – баршамыздың ортақ үйіміз, оған қамқор болу әрбір азаматтың парызы, — деді акцияға қатысушы Елдар Мейрамбаев.

Шекарашылардың айтуынша, мұндай іс-шаралар олардың игі дәстүріне айналған. Әскери қызметшілер апта сайын тазалық жұмыстарына қатысып, оны табиғатты және туған өлкені сақтау-

ға бағытталған азаматтық ұстанымның көрінісі деп санайды.

— Акцияның мақсаты – табиғатты қорғау, қоғамның назарын экологиялық мәселелерге аудару, өлкемізді таза әрі жайлы ету, сондай-ақ әскери қызметшілер мен азаматтар арасында экологиялық мәдениет пен қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру, — деп атап өтті Департаменттің тәрбие және идеологиялық жұмыс бөлімінің аға кеңесшісі подполковник Дархан Дарменбеков.

Мұндай бастамалар экологияға қамқорлық жасау – әрбір азаматтың ортақ ісі екенін тағы да бір рет дәлелдеп отыр.



Капитан
А. ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР». Суретті
түсірген автор



САЙЫС

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ШЕБЕРЛІК

2025 жылдың 13-14 тамызы күндері Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасы аумағында ерекше кәсіби жарыс — «Үздік жүргізуші» байқауы ұйымдастырылды. Сайыс департаменттің қару-жарақ басқармасының аға офицері майор Нұржан Құмаровтың бастамасымен өтті. Аталған шараға Зайсан және Күршім аудандары бойынша шекара басқармаларының, инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің және «Алтай» шекара бөлімінің кәсіби жүргізушілері қатысты.

Олар «В» және «С» санаттары бойынша шеберліктерімен байқасты.

Бұл байқау шекара қызметінің әскери қызметшілері арасында көлік жүргізу мәдениетін көтеру, техниканы сенімді басқару дағдыларын жетілдіру, жол қауіпсіздігін сақтау және кәсіби машықты нығайту мақсатында ұйымдастырылды. Сайыс барысында қатысушылардың көлікті басқару дәлдігі, маневр жасау шапшаңдығы, кедергілерді бағындыру қабілеті және жолда туындайтын түрлі жағдайларға дайындық деңгейі жан-жақты сыналды. Сонымен қатар, әскери тәртіпті ұстану, уақытпен жұмыс істеу және техникалық ақауларды тез анықтау сияқты маңызды аспектілер де назардан тыс қалған жоқ.

Сайыс нәтижесінде «В» санаты бойынша үздік деп танылғандар анықталды. Бірінші орынды Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының байланысты қамтамасыз ету тобының жүргізушісі, қатардағы жауынгер М.С. Абылқанов жеңіп алды. Екінші орын Күршім ауданы бойынша Шекара басқармасының «Теректі» шекара бөлімінің жүргізушісі ефрейтор М.Е. Байқонақовқа бұйырса, үшінші орынды инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің жүргізушісі, қатардағы жауынгер



Н.М. Шекербаев иеленді.

Ал «С» санаты бойынша бірінші орынға инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің жүргізушісі ефрейтор Е.Б. Тоқанов лайық деп танылды. Екінші орынды Зайсан ауданы бойынша Шекара басқармасының арнайы мақсаттағы іс-қимылдар тобының жүргізушісі сержант А.С. Жүнісов жеңіп алса, үшінші орынды Күршім ауданы бойынша шекара басқармасының «Теректі» шекара бөлімшесінің жүргізушісі қатардағы жауынгер К.К. Жәңсейітов қанағат тұтты.

Сайыс қорытындысы бойынша жүлделі орындарға ие болған жүргізушілер департамент бастығының арнайы мақтау қағаздарымен марапатталды. Бұл марапаттар тек жеке жетістіктің емес, бүкіл бөлімшенің дайындық деңгейі мен тәртіпті жұмысының көрсеткіші болып саналады.

Осындай кәсіби шеберлік сайыстары әскери құрылымдардағы кадрлардың кәсіби деңгейін көтеріп қана қоймай, өз ісіне адалдық пен жауапкершілікті арттырады. Бұл шекара қызметіндегі жүргізушілерге тек көлік тізгінін ғана емес, мемлекет қауіпсіздігін де сеніп тапсыруға болатынын тағы бір дәлелдеді. Жарысқа қатысқан әрбір әскери қызметші өз кәсібінің шебері екенін дәлелдеп, шекара қызметінің ұдайы дамып, жаңарып отыруының нақты көрінісін көрсетті.



Подполковник
Г. БАКЕТОВ,
«OS-ЧР».
Сурет шекара
басқармасынан.

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі: Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы: Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: anp_saqshysy@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты: gov.kz/memleket/en/otbes/shekarankb

Бас редактор: Рахат Нұрғалиев
Редактор: Азамат Мұқанов
Жауапты хатшы: Еркін Қайбүллін
Тілшілер: Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов, Айдыс Қарғабайев
Меншікті тілшілер: Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Бауыржан Қожантай
Ақтөбе - Асхат Жаңалипов
Ақтөбе - Жасұлан Шармаков
Талдықорған - Манарбек Қарекенов
Жамбыл - Асылхан Жексенбин
Шымкент - Рауан Асқаралиев

Қызылорда - Әнжан Төлебай
Өскемен - Ғалымжан Бекетов
Семей - Ердоқ Қайрат
Петропавл - Динара Утебаева
Павлодар - Гүлзада Садықова
Қостанай - Нұрсыл Сәкен
Орал - Айжан Көлбай

Фототілшілер: Асхат Сабиев, Өмірбай Айтыл, Аян Қайыр, Диас Қуанышев, Нұхешов Айзат
Компьютерлік безендіру және беттеуші: Нұржан Қайбүллов
Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова
Немірдің кезекші редакторлары: О.Жақсылықов, А.Киргизбаев

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы №1394-ғ күнелігі
2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.
Газет "OS-ЧР" Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

Газеттің апталық таралымы – 2417 дана.
«Имприм» ЖШС баспаханасында басылды.
Астана қаласы, А.Жұбанов көшесі, 24/1

ЕРЛІКТІ ДЕ, ӨНЕРДІ ДЕ ҚАТАР АЛЫП ЖҮРГЕН ШЕКАРАШЫ



Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай Қазақстанның түкпір-түкпірінде ауқымды мәдени-рухани және спорттық шаралар ұйымдастырылды. Солардың ішінде халық ерекше ықыласпен күткен маңызды мерекелік іс-шара – «Жеті қазына» ұлттық мәдениет, спорт және туризм фестивалі болды. Бұл фестиваль Абай ауданының орталығы – Қарауылтөбе ипподромында сән-салтанатпен өтіп, ұлттық рух пен бірлікті дәріптеген ұлы жиынға айналды.

Фестиваль бағдарламасына халқымыздың көне дәстүрін жаңғыртып, рухани байлығын паш ететін жеті түрлі бағыттағы байқаулар енді: «Ер жігіт», «Сұлу әйел», «Ілім-білім», «Қыран бүркіт», «Жүйрік ат», «Құмай тазы», «Берен мылтық». Бұл аталымдардың әрқайсысы – ата-бабамыз қасиет тұтқан «жеті қазынаның» мәнін бүгінгі ұрпаққа жеткізудің айқын үлгісі болды.

Фестиваль шеңберіндегі ең тартымды жарыстардың бірі – «Ер жігіт» облыстық ашық байқауы. Бұл додаға еліміздің түкпір-түкпірінен келген 18–35 жас аралығындағы ат құлағында ойнайтын, батылдық пен білімді, өнер мен ептілікті қатар ұстаған жігіттер қатысты. Жарыс бірнеше

бағытты қамтыды: теңге ілу – шабандоздың ат үстіндегі шапшаңдығы мен ептілігін сынады; қазақ күресі – ер жігіттің күш-қайратын, намысы мен мінезін айқындады; қой көтеру – білектің күші мен төзімділігін дәлелдеді. Сонымен қатар, өнер мен білім жарыстары да өтті. Бұл бөлімдер әрбір қатысушыдан жан-жақты дайындықты, зеректік пен тапқырлықты талап етті.

Осы айтулы байқауда ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Семей шекара басқармасының күзет тобының офицері, лейтенант Айдос Тілектович Уркимбаев ерекше көзге түсіп, жүлделі екінші орынға ие болды. Оның жеңісі – тек жеке табыс ғана емес,

Шекара қызметінің де абыройын асқақтатқан оқиға. Айдос Уркимбаев жарыстың әр кезеңінде шын мәніндегі ер жігітке тән қайсарлық пен ептілікті көрсете білді. Ат үстіндегі сайыстарда шеберлігін паш етіп, күресте қайсар мінезін танытты. Ал өнер мен білім сайысында кең ой-өрісін, тапқырлығын дәлелдеп шықты. Өз табандылығы мен үздік дайындығының арқасында ол жүлделі орын алып, бес бас жылқыны олжалады.

– Бұл сайыс мен үшін үлкен тәжірибе болды. Ұлттық ойындар арқылы рухың көтеріледі, ал бәсекелестік сенің мықтылығыңды шыңдайды. Ең бастысы – өзіңді ел алдында, аттың үстінде, дода ортасында көрсете алу, – дейді лейтенант Айдос Уркимбаев.

Фестивальдің жүлде қоры қомақты болды. Жеңімпаздарға автокөліктер, асыл тұқымды жылқылар, ақшалай сыйлықтар мен құнды заттар табыс етілді. Бұл бастама – жастарды ұлттық спортқа қызықтырып, дәстүрге деген құрметті арттырған игі қадам.

Лейтенант А.Уркимбаевтың жетістігі – оның жеке кәсіби дайындық пен спорттағы шеберлігінің ғана емес, ұлттық құндылықтарға деген адалдығының да дәлелі. Ол қызметте де, додада да нағыз ердің бейнесін көрсетті. «Ер жігіт» байқауы – күш пен батылдықтың, өнер мен білімнің, рух пен намыстың тоғысқан тұғыры. Ал Айдос сынды офицерлердің жеңісі – жас ұрпаққа үлгі, шекарашылар мәртебесін асқақтататын мақтаныш.

Бұл дода тек спорттық жарыс ғана емес, қазақ жігітінің жан-жақты болуы тиіс екенін паш етті. Атқа міну – ептілікті, күрес – күшті, білім – зеректікті, өнер – рухани байлықты көрсетсе, барлығы қосылғанда нағыз «ер жігіттің» бейнесі айқындалды. Айдос секілді офицерлердің осындай сындардан сүрінбей өтуі – олардың шекарада да, ел алдында да әрқашан абыроймен

қызмет ететініне дәлел.

Қарауылтөбе ипподромында жиналған халықтың көңіл-күйі ерекше болды. Көрермендер қазақтың дәстүрлі өнерін, ұлттық ойындарының құндылығын тамашалап қана қоймай, оны ұрпақ тәрбиесінде пайдаланудың маңызын да сезінді. Әсіресе, жасөспірімдер үшін бұл шара тәрбиелік мәні зор тағылымды сабаққа айналды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай фестивальдар Абай тойымен ғана шектелмей, алдағы уақытта да жалғасын табатын болады. Бұл – қазақ халқының асыл қазынасын сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізудің, сондай-ақ ұлттық спортты халықаралық деңгейге шығарудың бірден-бір жолы.

Шекара қызметінде жүрген жас офицерлердің мұндай мәдени-спорттық іс-шараларға белсене қатысуы – олардың тек қызметте ғана емес, қоғамдық өмірде де белсенді екенін көрсетеді. Бұл – әскери қызметкердің тұлғалық дамуына, көпшілікпен етене араласуына, елдік идеологияны қалыптастыруға зор үлес қосатын үрдіс.

Айдос Уркимбаевтың жеңісі – жеке табысынан бөлек, қызмет-тестеріне, жастарға үлгі. Оның табандылығы мен қайсарлығы, ұлттық дәстүрге деген сүйіспеншілігі – шекарашы болудың мәні мен маңызын ашып тұрғандай. Ол секілді жас офицерлер – елдің қорғаны, тәуелсіздіктің тірегі.

Абай тойы аясындағы «Жеті қазына» фестивалі – тек ме-



рекелік шара ғана емес, ұлттық бірегейлікті жаңғыртудың, мәдениеттің алтын арқауын жалғаудың үлкен жолы болды. Мұндай шаралар қазақ рухын асқақтатып, елдің мерейін өсіретіні сөзсіз.

«Ер жігіт» байқауы – ертеңгі ұрпақтың санасында ұлттық сана мен намысты оятатын ерекше дода. Бұл байқауға қатысқан әрбір жас жігіт – еліміздің болашағының кепілі. Айдос сияқты шекарашы офицерлер сол болашақтың сенімді тірегі екені айқын.

Қорытындылай келе, Қарауылтөбедегі дүбірлі фестиваль – Абай рухына тағзым етіп, қазақ халқының дәстүрлі қазыналарын жаңғыртқан ұлы той болды. Ал сол тойда жеңіс тұғырынан көрінген Айдос Тілектович Уркимбаев сынды жас офицерлер – елдік рухтың, ұлттық намыстың айқын көрінісі.

Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ,
Сурет интернет желісінен.

